

Қазақстан Республикасы
Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы
Ақтөбе облысының Білім және Ғылым
Байғанин ауданының білім бөлімі
Мемлекеттік мекемесі
«Қ. Жазықов атындағы орта мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі
«17» 04 2025 ж.

2024 жылғы 14-21 қазан аралығында «Ақтөбе облысының білім басқармасы, Байғанин аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Қ. Жазықов атындағы орта мектебі» КММ-не жүргізілген мемлекеттік аттестаттау қорытындысында анықталған кемшіліктерді жою барысы туралы

Анықтама

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының 9.3 тармағы талабына сәйкес келмейді, өйткені 1 педагог (Г. Төлеш, еңбек өтілі 39 жыл) бес жылда бір рет біліктілік санаты деңгейін арттырмаған (растамаған); Әдістемелік ұсынымның 5 қосымшасы бойынша тәрбиеленушілерге арналған оқу-әдістемелік кешендер туралы мәлімет ұсыну.

Орындалуы:

А) Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің «Қ. Жазықов атындағы орта мектебі» КММ-ін мемлекеттік аттестациядан өту барысында анықталған Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығына 1-қосымша «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары» 2 тарауының 24 тармағы «Мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды сыныптарының педагогтері өз қызметінде тиісті кәсіптік құзіреттерге ие болуы, өзінің кәсіби шеберлігін, зерттеу зияткерлік және шығармашылық деңгейін үздіксіз жетілдіруі, оның ішінде кемінде бес жылда бір рет біліктілік санаты деңгейін арттыруы тиіс делінген.


Төлеш Гүлсім Сәлиқызы 2016 -2017 оқу жылы аяғына дейін бастауыш мұғалімі болып қызмет атқарған. Осы уақытқа дейін өз уақытымен біліктілік санатын арттырып отырған. 14.04.2016 жылы «Бірінші санатты бастауыш сынып мұғалімі» санаты бекітілген. Дипломына байланысты 01.09.2018 жылы мектеп алды даярлық тәрбиешісі болып ауыстырылды. Аталған кемшілікті жою барысында біліктілікті арттыру тестіден «педагог-модератор» санатының балын қорғап шықты және «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ филиалы Ақтөбе облысы бойынша кәсіби даму институтының ұйымдастыруымен «Мектепалды даярлықтың тәжірибелік және мазмұндық аспектілері» тақырыбында өтетін курсқа 24.06-04.07.2024 осы уақыт аралығында 72 сағаттық біліктілікті арттыру курсынан өтті. Тіркеу номері 0749400. Барлық құжаттары «Ұстаз» платформасында 100 пайыз жүктеліп тұр. Сертификат, куәлік көшірмелері 1 қосымшада салынды.

Ә) Қағиданың 1 тарауының 9 тармағында «Мектепке дейінгі ұйымдарды жабдықтармен және жиһазбен қамтамасыз ету «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады» деп көрсетілген. Әдістемелік ұсынымның 4 қосымшасына сәйкес мәлімет ұсынылды. Анықтама 1 қосымшада салынды.

Б) Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы №6 бұйрығына сәйкес 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарында ерекше білім беруді қажет ететін тәрбиеленушілер болмағандығы туралы анықтама қоса ұсынылды. Анықтама 1 қосымшада салынды.

В) ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы №216 бұйрығына сәйкес мектепке дейінгі ұйымдарға арналған оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету жағдайы бойынша ақпарттық ресурстар және кітапхана қоры әдістемелік ұсынымның 5 қосымшасына сәйкес оқу әдістемелік кешендері туралы мәлімет 1 қосымшада ұсынылды.

Қосымша 1

Мектеп директоры:  Ф.К.Казиева

